

КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа

Мақалада кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалау әдістемесі қарастырылған. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалау үшін қаржылық талдаудың арнайы әдістерін қолдануға болады. Уақыт бойынша (көлденен) талдау әдісі есеп берудегі әрбір ұстанған жолды алдыңғы кезеңмен салыстыру болып табылады және ол қаржылық есеп берудің түрлі баптарының абсолютті және салыстырмалы динамикасын бағалауға мүмкіндік береді. Құрылымдық (тігінен) талдау әдісі дегеніміз есеп берудің әрбір ұстанған жолының жалпы нәтижеге ықпалын айқындай отырып, қорытынды көрсеткіштердің құрылымын анықтау және оның өзі активтердің құрылымдық өзгерістерін, сондай-ақ оларды жабудың көздерін бағалауға мүмкіндік береді. Баланстың экономикалық оқылуы бойынша қорытындылар алдын ала жасалады, ол жинақтық сипаттамаға ие және одан әріде өтімділік, төлем қабілетін және қаржылық тұрақтылықты талдау кезеңдерінде растау мен нақтылауды талап етеді. Баланс өтімділігі онда көрсетілген активтердің өтімділігі бойынша анықталады. Активтің өтімділігі деп оның ақша қаражаттарына айналу мүмкіндігі түсініледі. Өтімділік дәрежесі активтің ақша қаражатына айналуының жүзеге асуы мүмкін болатын уақыт кезеңінің ұзақтығымен анықталады. Егер өтімділік коэффициенттерінің нақты мәні теориялық рұқсат етілген деңгейлерінен аз болса, онда фирма төлемге қабілетсіз ретінде бағаланады және онымен мәмілелер айрықша әуекелділікпен жасалуы мүмкін.

Тірек сөздер: контроллинг, әдіс, өтімділік, қаржы, баланс, актив, міндетеме, капитал, қаржылық жағдай, есеп.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайы өзінің қаржылық ресурстарының бар болуын, орналасуын және пайдаланылуын көрсететін көрсеткіштер жиынтығын көрсетеді.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалау үшін қаржылық талдаудың арнайы әдістерін қолдануға болады.

Уақыт бойынша (көлденен) талдау әдісі есеп берудегі әрбір ұстанған жолды алдыңғы кезеңмен салыстыру болып табылады және ол қаржылық есеп берудің түрлі баптарының абсолютті және салыстырмалы динамикасын бағалауға мүмкіндік береді.

Құрылымдық (тігінен) талдау әдісі дегеніміз – есеп берудің әрбір ұстанған жолының жалпы нәтижеге ықпалын айқындай отырып, қорытынды көрсеткіштердің құрылымын анықтау және оның өзі активтердің құрылымдық өзгерістерін, сондай-ақ оларды жабудың көздерін бағалауға мүмкіндік береді.

Қаржылық коэффициенттер әдісі көрсеткіштердің өзара байланысын анықтау үшін есеп берудің салыстырмалы мәліметтерін есептеуді көздейді. Мысалға, өтімділік, төлем қабілеттілігі, қаржылық тұрақтылық және басқа коэффициенттердің есептелуі мүмкін [1].

Қаржылық жағдайды бағалау өзіне баланс өтімділігін, кәсіпорынның төлем қабілеттілігін және оның қаржылық тұрақтылығын талдауды қамтиды. Алайда, баланстың экономикалық оқылуы алдын ала қарастырылады.

Баланстың экономикалық оқылуы келесі талаптардың орындалуын тексеруге мүмкіндік береді:

- ◆ меншікті капитал сомасы ұзақ мерзімді активтер құнынан асып тұруы керек;
- ◆ ағымдағы (қысқа) активтер сомасы міндеттемелер сомасынан жоғары болуы керек;
- ◆ шығындар табыстардан (кірістер) аспауы керек.

Баланстың экономикалық оқылуы бойынша қорытындылар алдын ала жасалады, ол жинақтық сипаттамаға ие және одан әріде өтімділік, төлем қабілетін және қаржылық тұрақтылықты талдау кезеңдерінде растау мен нақтылауды талап етеді.

Баланс өтімділігі онда көрсетілген активтердің өтімділігі бойынша анықталады. Активтің өтімділігі деп оның ақша қаражаттарына айналу мүмкіндігі түсініледі. Өтімділік дәрежесі ак-

тивтің ақша қаражатына айналуының жүзеге асуы мүмкін болатын уақыт кезеңінің ұзақтығымен анықталады.

Баланс өтімділігін талдау негізін активтерді жіктеу және қаржыландыру көздерін жіктеу құрайды. Бұл кезде активтер олардың өтімділік дәрежесі бойынша, ал қаржыландыру көздері төлемнің жеделдік дәрежесі бойынша жіктелінеді.

Баланс активтері төрт топқа жіктеледі.

1. Ең өтімді активтері (ЕӨА).
2. Тез өткізілетін активтер (ТӨА).
3. Баяу өткізілетін активтер (БӨА).
4. Қиын өткізілетін активтер (ҚӨА).

Ең өтімді активтер тобына ақша қаражаттары, қысқа мерзімді инвестициялар жатады. Тез өткізілетін активтер тобына қысқа мерзімді дебиторлық берешек, ағымдағы салықтық активтер, басқа қысқа мерзімді активтер жатады. Баяу өткізілетін активтер тобына қорларды және сатуға арналған ұзақ мерзімді активтердің барлығын жатқызады. Қиын өткізілетін активтер тобына барлық ұзақ мерзімді активтер жатады.

Сондай-ақ активтерді қаржыландыру көздері, яғни баланс пассивтері төрт топқа жіктелінеді.

1. Тез төленуге тиіс міндеттемелер (ТТТМ).
2. Қысқа мерзімді міндеттемелер (ҚММ).
3. Ұзақ мерзімді міндеттемелер (ҰММ).
4. Тұрақты пассивтер (ТП).

Тез төленуге тиіс міндеттемелер (ТТТМ) тобына салықтар бойынша міндеттемелер, басқадай міндетті және ерікті төлемдер бойынша міндеттемелер, қысқа мерзімді кредиторлық берешек, қысқа мерзімді бағалау бойынша міндеттемелер жатады. Қысқа мерзімді міндеттемелер тобына қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер, басқа қысқа мерзімді міндеттемелер қосылады. Ұзақ мерзімді міндеттемелер тобына баланста көрсетілген барлық ұзақ мерзімді міндеттемелер кіреді. Тұрақты пассивтер тобына шығарылған капитал, эмиссиялық табыс, сатып алынған өзінің меншікті үлестік құралдары, қорлар, бөлінбеген пайда (жабылмаған шығын), аз үлестіктер жатқызылады.

Баланс өтімділігін анықтау үшін активтердің жіктелінетін топтарының қорытынды жиынын қаржыландыру көздерімен салыстыру жүргізіледі.

Баланс өтімділігінің келесі шарттары орындалса баланс өтімді деп саналады, егер:

- 1) $ЕӨА > ТТТМ$
- 2) $ТӨА > ҚММ$
- 3) $БӨА > ҰММ$
- 4) $ҚӨА < ТП$

Ұйымның төлем қабілеттілігі дегеніміз – өзінің барлық берешектік міндеттемелерін уақытылы және толық көлемде орындау қабілеттілігі.

Төлем қабілеттілігін бағалау үшін өтімділік коэффициенттері есептеледі, олардың нақты шамалары теориялық мүмкін деңгейлерімен (ТМД) салыстырылады. Төлем қабілеттілігін есептеу әдістемесі пайдаланушылардың қайсысының зерттеу жүргізгеніне байланысты болады.

Жабдықтаушылар тұрғысынан ұйымның төлемқабілеттілігі абсолюттік өтімділік коэффициенті (абсолютті жабу) бойынша бағаланады:

$$\text{Кабс. өтім.} = \frac{ЕӨА}{ТТТМ} \quad (1)$$

Теориялық рұқсат етілген деңгей (0,2–0,25) шектерінде.

Банкирлер ұйымның төлемқабілетін аралық өтімділік коэффициенті (аралық жабу) бойынша бағалайды:

$$\text{К арал. өтім.} = \frac{ЕӨА + ТӨА}{ТТТМ + ҚММ} \quad (2)$$

Теориялық рұқсат етілген деңгейі (0,6–0,7) шектерінде.

Акционерлер және инвесторлар ұйымның төлем қабілеттілігін талдау үшін жалпы өтімді коэффициентін (жалпы жабу) есептейді:

$$K \text{ жалпы өтім.} = E\Theta A + 0,5x T\Theta A + 0,3x B\Theta A / TTTM + 0,5x \quad (3)$$

$$KMM + 0,3x YMM$$

Теориялық рұқсат етілген деңгейі (1,0–2,0) шектерінде.

Өтімділік коэффициенттерінің нақты мәндерін олардың теориялық рұқсат етілген деңгейлерімен салыстырған кезде ауытқулар анықталады, олар бойынша келесі қорытындылар жасалады [2]:

Егер өтімділік коэффициенттерінің нақты мәні теориялық рұқсат етілген деңгейлерінен аз болса, онда фирма төлемге қабілетсіз ретінде бағаланады және онымен мәмілелер айрықша тәуекелділікпен жасалуы мүмкін;

Егер өтімді коэффициенттерінің нақты мәні теориялық рұқсат етілген деңгейлердің шеңберінде орналасса, онда фирма төлемге қабілетті болып саналады, және онымен мәміле айрықша тәуекелділіксіз-ақ жасалуы мүмкін;

Егер өтімді коэффициенттерінің нақты мәндері теориялық рұқсат етілген деңгейлері шекарасынан асса, онда фирма тек төлемге қабілетті ретінде ғана емес, сонымен қатар шекарадан асық дәрежесіне қарай инвестициялық тартымды ретінде қабылдануы мүмкін, және онымен келісім-шарттар минималды тәуекелмен жасалады. Алайда, айтарлықтай арту орын алған жағдайда, басқарушылардың және меншік иелерінің іскерлік белсенділігінің жеткіліксіз деңгейі туралы қорытынды жасайды.

Қаржылық тұрақтылықты талдау меншікті және тартылған қаржылық ресурстар арасындағы түрлі нұсқадағы қатынасқа негізделген.

Талдау үрдісінде қаржылық коэффициенттер есептеледі, олардың көптеген санының ішінде, іс жүзінде, әдетте, төрт негізгісі пайдаланылады.

Қаржылық тәуелсіздік коэффициенті:

$$K \text{ қарж. тәуелсіздік} = MK / M\text{Қ} \quad (4)$$

Коэффициент мәні 0,5 төмен болмауы тиіс.

Қаржыландыру коэффициенті

$$K \text{ қарж.} = MK / TK \quad (5)$$

Коэффициент мәні 1,0 аспауы тиіс

Қаржылық тұрақтылық коэффициенті:

$$K \text{ қарж. тұрақ.} = MK + YMBH / BKQ \quad (6)$$

Оның мәні жоғары болған сайын, кәсіпорынның қаржылық жағдайы тұрақты болады.

Қысқа мерзімді активтерді меншікті көздерден қаржыландырумен қамтамасыз етілу коэффициенті:

$$K \text{ қамт. Ету} = MK + YMBH - YMA / QMA \quad (7)$$

Коэффициент мәні 0,6-дан 0,8 шеңберінде орналасуы керек.

Мұнда: MҚ – кәсіпорынның барлық активтер құны бойынша анықталатын мүлік құны;

MК – меншікті капитал;

TK – тартылған капитал;

ҚМБН – ұзақ мерзімді банк несиесі;

ҚМА – ұзақ мерзімді активтер;

КМА – қысқа мерзімді активтер;

БКҚ – қаржыландыру барлық көздерінің құны.

Қаржылық тұрақтылықты бағалау үшін қолданылатын салыстырмалы көрсеткіштермен (СК) қатар, абсолютті көрсеткіштер де қолданылуы мүмкін, олар қаржыландыру көздерінің артықтарды немесе жетіспеуін сипаттайды. Бұл кезде өндірістік қорларды қаржыландыру көздері (ӨҚҚК) мен өндірістік қорлар (ӨК) құны арасындағы қатынас негіз болып табылады:

$$СК = \Theta ҚҚК / \Theta Қ \quad (8)$$

Өндірістік қорлардың қалыптасу көздерін қарастыра отырып, келесіні ерекшелейді. Меншікті айналымдылық капитал (МАК):

$$МАК = МК - \Upsilon МА \quad (9)$$

Меншікті айналымдылық капитал және ұзақ мерзімді тартылған көздер(ҰМТК):

$$МАК және \Upsilon МТК = МАК + \Upsilon МТК \quad (10)$$

Өзіне меншікті айналымдылық капитал мен ұзақ мерзімді тартылған көздерді де, қысқа мерзімді несиелер (ҚМН) мен қарыздарды да қамтитын қаржыландырудың негізгі көздері (НҚК):

$$НҚК = МАК және \Upsilon МТК + ҚМН \quad (11)$$

Өндірістік қорлардың көлемін олардың қалыптасу көздерімен салыстыра отырып, осы көздердің артықтығы немесе кемдігі және кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының типі анықталады.

1. Абсолютті қаржылық тұрақтылық келесі кезінде орын алады:

$$МАК > \Theta Қ \quad (12)$$

2. Қалыпты қаржылық тұрақтылық келесі жағдайда орын алуы мүмкін:

$$МАК < \Theta Қ < НҚК \quad (13)$$

3. Тұрақсыз қаржылық жағдай мына кезде орын алады:

$$МАК < \Theta Қ > НҚК \quad (14)$$

4. Мерзімінде несиелері жабылмаған әрі мерзімінен өтіп кеткен несиелік қарызы бар, сондықтан банк несиелерін қосымша тарту мүмкіндігі жоқ, қаржылық ахуалы жағдайында кәсіпорында сындарлы (дағдарыстық) қаржылық тығырықтық қиындық пайда болады [3].

Сынды (дағдарыстық) қаржылық жағдай тұрақсыз қаржылық жағдай кезінде, мерзімінде өтелмеген несиелері мен уақыты өткізілген кредиторлық берешекпен кәсіпорын қосымша банктік несиелерді тартуға мүмкіндігі жоқ кезде орын.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Иванюк Т.Н. Практикум по анализу деятельности предприятия. – Алматы: Университет «Туран», 2014.
- 2 Пласкова Н.С. Анализ финансовой отчетности, составленной по МСФО. – М.: ИНФРА-М, 2017.
- 3 Иванюк Т.Н., Оразалинова М.С., Уалжанова А.К. Кәсіпкерлік қызметті талдау бойынша практикум. – Алматы: «Туран» университеті, 2017.

Аннотация

В статье рассмотрена методика оценки финансового состояния предприятия. Для оценки финансового состояния предприятия можно использовать специальные методы финансового анализа. Метод временного (горизонтального) анализа представляет собой сравнение каждой позиции отчетности с предыдущим периодом и позволяет оценить абсолютную и относительную динамику различных статей финансовой отчетности. Метод структурного (вертикального) анализа состоит в определении структуры итоговых показателей с вы-

явлением влияния каждой позиции отчетности на результат в целом и позволяет оценить структурные изменения активов и источников их покрытия. Выводы по экономическому чтению баланса являются предварительными, носят обобщенный характер и в дальнейшем требуют подтверждения и конкретизации на этапах анализа ликвидности, платежеспособности и финансовой устойчивости. Ликвидность баланса определяется по ликвидности активов, отраженных в нем. Под ликвидностью актива понимают его способность трансформироваться в денежные средства. Степень ликвидности определяется продолжительностью периода времени, в течение которого может быть осуществлена трансформация актива в денежные средства. Если фактическое значение коэффициентов ликвидности меньше теоретически допустимого уровня, то фирма оценивается как неплатежеспособная и заключение сделок с ней является крайне рискованным.

Ключевые слова: контроллинг, метод, ликвидность, финансы, баланс, актив, обязательства, капитал, финансовое состояние, учет.

Abstract

The article discusses the methodology of enterprise financial state assessment. For the assessment of the financial state of enterprise it is possible to use the special methods of financial analysis. The method of temporal (horizontal) analysis in fact is comparing of every position of accounting to the previous period and allows to estimate the absolute and relative dynamics of different reasons of the financial reporting. The method of structural (vertical) analysis consists of determination of structure of total scores with the exposure of influence of every position of accounting on a result on the whole and allows to estimate the structural changes of assets and sources of their coverage. Conclusions on the economic reading of balance are preliminary, they carry the generalized character and in the future require confirmation and specification on the stages of analysis of liquidity, solvency and financial stability. Liquidity of balance is determined on liquidity of the assets reflected in it. Under liquidity of asset its ability to be transformed in monetary resources is understood. The degree of liquidity is determined by duration period of time during which transformation of asset can be carried out in monetary resources. If actual value of liquidity ratios less than theoretically allowed level, then a firm is estimated as insolvent, and a conclusion of transactions with it is extremely risky.

Key words: controlling, method, liquidity, finances, balance, asset, obligations, capital, financial state, account.